

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1366 Қаулысы "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" "Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:

IV "Шығындар" деген бөлімде:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген ф у н к ц и о н а л д ы қ т о п т а :

09 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзге де қызметтер" деген ішкі функцияда:

212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген әкімші б о й ы н ш а :

001 "Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген бағдарламада:

001 "Орталық органның аппараты" деген кіші бағдарламада "356890" деген сандар "412890" деген сандармен ауыстырылсын;

002 "Аумақтық органдар аппараттары" деген кіші бағдарламада "4225212" деген сандар "4169212" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі